

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін: 
«Айша» бөбекжай меңгерушісі:
Хайруллина С.А.



Тақырыбы:

«Сақ бол, көктайғақ!»



«Алақай» ересек тәрбиешісі: Жиренова У.С.

2024 жыл

тақырыбы: «Сақ болайық, көк тайғақ!»

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Өткізу түрі: Танымдық-ойын іс-шарасы

Мақсаты:

Балаларды қыс мезгіліндегі көк тайғақ кезінде қауіпсіз жүріп-тұру ережелерімен таныстыру, көшеде өзін дұрыс ұстауға, жол қозғалысы ережелерін сақтауға үйрету. Балалардың сақтық, жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Көк тайғақтың қауіптілігі туралы түсінік беру;
- Жаяу жүргіншілердің жолда жүру ережелерін бекіту;
- Жол белгілерін ажырата білуге үйрету;
- Ойын арқылы шапшаңдық пен ептілікті дамыту.

«Сақ болайық, көк тайғақ!»

Жүргізуші:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар:

Қыс мезгілі!

Жүргізуші:

Дұрыс айтасындар. Қыста қар жауып, жер тайғақ болады. Мұндай кезде көшеде абайлап жүру өте маңызды. Бүгін біз көк тайғақта қалай қауіпсіз жүру керектігін және жол ережелерін қайталаймыз.

Тосын сәт

(Әуенмен Қоян немесе Аю келеді.)

Қоян:

Сәлем, балалар! Мен қатты асығып келе жатып тайып құлап қалдым. Неге бұлай болды?

Балалар:

Өйткені жер тайғақ! Абайлап жүру керек!

Жүргізуші:

Дұрыс айтасындар. Ендеше Қоянға қауіпсіздік ережелерін үйретейік.

Әңгімелесу

Жүргізуші сұрақтары:

- Көк тайғақ дегеніміз не?
- Тайғақ жерде қалай жүру керек?
- Жолдан қай жерден өтеміз?
- Бағдаршамның қандай түстерін білесіңдер?
- Жаяу жүргінші жолы қалай аталады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Ойын «Бағдаршам»

Жасыл түс – жүреміз.

Сары түс – дайындаламыз.

Қызыл түс – тоқтаймыз.

Эстафета «Қауіпсіз жол»

Балалар екі топқа бөлінеді.

Тапсырма:

- Тайғақ жолды белгіленген ізбен баяу жүріп өту;
- Жаяу жүргіншілер өткелінен дұрыс өту;
- Бағдаршамның жасыл түсінде ғана қозғалу.

Ойын «Дұрыс па, бұрыс па?»

Жүргізуші сөйлемдер айтады.

- Көшеде жүгіруге болады. (Жоқ)
- Жолды тек жаяу жүргіншілер өткелінен кесіп өтеміз. (Иә)
- Тайғақ жерде асығып жүреміз. (Жоқ)
- Үлкендердің қолынан ұстап жүреміз. (Иә)
- Бағдаршамның қызыл түсінде өтеміз. (Жоқ)

Сергіту сәті

Бір, екі, үш,
Алға қарай жүр.
Тайғақ болса асықпа,
Абайлап қана басық та.
Жасыл жанса – жүр алға,
Қызыл жанса – тоқта да.

Жол белгілерін таныстыру

Жүргізуші жол белгілерінің суреттерін көрсетеді.

- Бағдаршам;
- Жаяу жүргіншілер өткелі;
- Балалар;
- Аялдама.

Балалар олардың атауын айтып, қызметін түсіндіреді.

Қорытынды

Жүргізуші:

Балалар, бүгін біз не үйрендік?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Қоян:

Сендерге көп рақмет! Енді мен көк тайғақта асықпай жүретін болдым, жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өтемін және бағдаршамға міндетті түрде қараймын.

Жүргізуші:

Жарайсындар, балалар! Әрқашан көшеде сақ болып, жол қозғалысы ережелерін сақтандар. Сонда өздерінді де, достарыңды да қауіптен қорғай аласындар.

Барлығы бірге:

«Жол ережесін сақтаймыз – қауіпсіз өмір таңдаймыз!»

Анықтама

Өткен күні: 17.02.2024

Тақырыбы: «Сақ болайық, көк тайғақ!»

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Өткізу түрі: Танымдық-ойын іс-шарасы

«Сақ болайық, көк тайғақ!» атты танымдық-ойын іс-шарасы «Алақай» ересек тобында тәрбиеленушілердің қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін кеңейту, көк тайғақ кезінде өзін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында балалар қыс мезгілінде кездесетін көк тайғақтың қауіптілігі туралы түсініктерін толықтырды. Тосын сәтке келген Қоян кейіпкері арқылы қауіпсіздік ережелерінің маңыздылығы түсіндіріліп, балалар кейіпкерге дұрыс кеңес беріп, көк тайғақта қалай жүру керектігін айтып үйретті.

Танымдық әңгімелесу кезінде тәрбиеленушілер көк тайғақ кезінде сақтық шараларын, жаяу жүргіншілердің жолда жүру ережелерін, бағдаршам түстерінің мағынасын және жаяу жүргіншілер өткелінің қызметін еске түсіріп, сұрақтарға белсенді жауап берді.

«Бағдаршам», «Қауіпсіз жол», «Дұрыс па, бұрыс па?» ойындары мен эстафеталары арқылы балалар алған білімдерін іс жүзінде көрсетті. Олар жол белгілерін дұрыс ажыратып, қауіпсіз қозғалу әрекеттерін орындап, ұйымшылдық, ептілік және шапшаңдық қасиеттерін дамытты. Сергіту сәті балалардың көңіл күйін көтеріп, белсенділіктерін арттырды.

Іс-шара соңында балалар жол қозғалысы ережелерін сақтаудың адам өмірі мен денсаулығы үшін аса маңызды екенін түсінді. Олар көк тайғақ кезінде асықпай жүру, үлкендердің көмегіне жүгіну, жолды тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы және бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана кесіп өту қажеттігін меңгерді.

Қорытындылай келе, іс-шара өз мақсатына жетіп, тәрбиеленушілердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, жол қозғалысы ережелеріне деген жауапкершілігін арттыруға және өмір қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеуге ықпал етті. Балалар іс-шараға қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты.

Қатысушылар саны: 17